

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
050013, Алматы қ., Байтұрсынов к-сі, 126  
Тел.: 8(727)-2925740  
Факс.: 8(727)-2925057



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
АЛМАТИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ  
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
050013, г.Алматы, ул.Байтурсынова, 126  
Тел.: 8(727)-2925740  
Факс: 8(727)-2925057

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.07.14

№ 89

**Жауапкершілікті жүктеу**

АЭЖБУ-дың оқу-білім беру барысында Microsoft DreamSpark Premium программасын келешекте пайдалану мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. АТҚО-ның ТҚ және ЖТ секторының меңгерушісі Тикишев Т.С. АЭЖБУ-де қолданылатын университеттің пошталық домені [mu.aipet.kz](mailto:mu.aipet.kz) негізіндегі Microsoft DreamSpark Premium программасының және Microsoft Online Services "Office 365" жүйесінің әкімшісі болып тағайындалсын.
2. Оқытушылар, бөлімшелер қызметкерлері, докторанттар, магистранттар және студенттер Microsoft DreamSpark Premium программалық қамтамасыз ету жүйесімен жұмыс жасаған кезде нұсқаулықтың шартын қатаң түрде басшылыққа алсын.
3. 31 қаңтардың 2011 жылғы № 12 бұйрықтың күші жойылды деп есептелсін.
4. ҚӘБ маманы Жалбиева С.Б. осы бұйрықты университеттің барлық бөлімшелеріне мәлімдесін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ОӘЖ проректоры Коңшин С.В. жүктелсін.  
**Негізі:** АТҚО басшысы Назиров Қ.Т. қызметтік хаты мен «MS DreamSpark Premium» электрондық ПЖ жеткізу бойынша «Логиком» АҚ-мен келісім шарт (№138-13 27.07.2013ж.).

Ректор

Г. Даукеев

Бұйрықты енгізген:  
АТҚО бастығы

К. Назиров

Келісілді:  
ОӘЖ проректоры

С. Коңшин

Құқықтық қамтамасыз ету  
бөлімінің меңгерушісі

Г. Бекжигитова

№ 89 « 02 » 07 2014 жылғы

бұйрықпен бекітілген

## **Microsoft DreamSpark Premium программасын пайдалану бойынша Нұсқаулық**

2013 жылдың 26 шілдесінде Алматы Энергетика және Байланыс Университеті Microsoft DreamSpark Premium (одан әрі DreamSpark ПҚ) электрондық программалық жасақтама (қамтамасыз етудің) жеткізілімі жөнінде «Логиком» АҚ-мен үш жылға № 138-13 келісім шарт жасады.

DreamSpark ПҚ — оқытушылар, студенттер мен магистранттар және докторанттар үшін Microsoft® компаниясынан құралдардың толық лицензиялық нұсқаларына тегін қатынау болып табылады.

Ұсынылатын ПҚ тізіміне келесі: Visual Studio Professional Edition 2008, Microsoft Expression Studio 3, Windows Server Standard 2008 R2, SQL Server 2008 Developer, XNA Game Studio 3.1 және басқа да программалық өнімдер кіреді.

Операциялық Microsoft жүйесіне келесілер: Windows 8, Windows 7, Windows Vista, Windows XP Professional, Windows XP Tablet PC Edition, Windows Server 2012, Windows Server 2008, Windows Server 2003, Windows XP Embedded және Windows Mobile, әзірлеу құралының дестелері (SDK) және құрылғының драйверлері (DDK) кіреді.

Әзірлеу құралдары – Visual Studio™ 2012, Visual Studio™ 2008, Visual Studio™ 2005, Visual Studio Team System (сұрауы бойынша) және Visual Studio Tools for the Microsoft Office System.

Программаның лицензиялық келісіміне сәйкес барлық қол жетімді өнімдер тек оқу барысында, оқу жобалары мен коммерциялық емес зерттеулерде:

- АЭЖБУ-де оқитын студенттер, магистранттар және докторанттар;
- АЭЖБУ-де әлеуметтік, техникалық, инженерлік және математикалық ғылымдар бойынша Microsoft технологиясымен байланысты сабақтарда қолдануға, оқу курстары мен практикалық сабақтарда білім алушыларға көмек көрсету үшін оқытушылар;
- АЭЖБУ-нің оқу барысында компьютерлерді программалық техникалық қамсыздандыруға жауапты бөлімшелер қызметкерлері пайдаланады.

DreamSpark программасының әкімшілігі лицензия бұзылған кезде пайдаланушының есептік жазбасына тыйым салуға құқылы.

Егер тіркелген қызметкер, білім алушы немесе оқытушы АЭЖБУ-нен шыққан болса, программалық қамтамасыз ету кілтін және программаға қатынау тоқталды. Бірақ DreamSpark Premium программалық жасақтамаға (қамтамасыз етуге) жазылған қызметкерлер, білім алушы немесе оқытушы, егер олар программалық өнімді

пайдаланудың шартын бұзбаса, жұмыстан шыққаннан кейінде де осы программамен жазылған уақытына дейін әрі қарай жұмыс жасай алады.

DreamSpark программалық жасақтама (қамтамасыз ету) келесі жағдайларда пайдалануға тыйым салады:

- коммерциялық мақсатта (өзіңіз программалық қамтамасыз ету арқылы жасаған программалық өнімді программалық қамтамасыз етудің коммерциялық лицензиясын тек өзіңіз сатып алған кезде қолданып және тарата аласыз);
- факультеттің, басқа бөлімшенің немесе мекеменің ИТ-жүйесі мен жеке әкімшілік жүйесін әзірлеу және қолдануға;
- осы программаны қайта сатуға.

ПҚ орнатуға және пайдалануға қатысты сұрақтарыңызды Microsoft DreamSpark Premium программасының және Microsoft Online Services “Office 365” жүйесінің негізгі әкімшісі Тикишев Т.С. электрондық пошта: [ivc@aipet.kz](mailto:ivc@aipet.kz) бойынша жіберуге болады.

Ұсынылып отырған программалық жасақтаманы АЭЖБУ аудиторияларында орнатылған кез-келген компьютерлерге, тек оқу және коммерциялық емес бағытына ғана орнатылады.

Одан басқа, осы программаның шеңберінде қолданылатын DreamSpark программасының кейбір өнімдері АЭЖБУ-дың барлық қызметкерлері, оқушылар үйде пайдалануға ұсынылуы мүмкін.

Оқытушылар, қызметкерлер, докторанттар, магистранттар мен студенттер DreamSpark программасымен жұмыс жасау үшін жеке есеп жазбасын алу керек. Есеп жазбасын алу үшін программа әкімдігіне мына адрес бойынша: [ivc@aipet.kz](mailto:ivc@aipet.kz) немесе 516А бөлмесіне сұраным толтырып жіберу керек. Университеттің [my.aipet.kz](http://my.aipet.kz) доменінде электрондық адресін және аккаунт жөнінде мәлімет алу үшін сұранымда аты-жөніңізді, қызметкерлер үшін лауазымы мен бөлімшесін, студенттер және докторанттар мен магистранттар үшін факультет, курс, тобын көрсету керек. Содан кейін бірнеше жұмыс күнінде Сізге электрондық поштаңызға жүйеде жұмыс істеу үшін логин мен паролі бар хат жіберіледі.

Өзіңіздің жеке есеп жазбаңызбен кіріп қажетті программалық өнімдерді көшіре аласыз. Егер программалық өнімді пайдалануға белсендіру кілтін сұраған болса, ол автоматты түрде беріледі. Ақпараттық қауіпсіздік мақсатында Сіз басқа тұлғаларға кілтiңіз туралы ақпараты беру туралы шартты қатаң сақтауыңыз керек.

#### 1. Windows Server System өнімі туралы қысқаша мәлімет:

1.1 Windows Server — серверлік операциялық жүйе, яғни Microsoft Windows NT® өте жақсы дамыған технологиясына сүйенеді және оған стандарттарға негізделген каталогтар, веб-қатынау, қосымшалар, жоғары сенімділікті қамтамасыз ететін байланыстар, жаңа желілік жабдықты пайдалану және тиімді басқару, ғаламтормен байланыстыратын бизнес-процестеге арналған оңтайлы платформа қызметтері кіреді.

1.2 Сервер SQL Server — бизнес-қосымшалар мен деректерді сақтауға мамандандырылған электрондық коммерцияны шешуге арналған реляциялық деректер базасын басқаратын және талдайтын жүйе. Бұл SQL Server серверге XMLтілі мен HTTP хаттамасы, жүктемені таратуға және үздіксіз жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қатынаууды және тез әрекет етуді арттыратын құралдар, меңгерудің жинақталған құнын төмендететін баптау мен басқаруды жақсартатын функциялар кіреді.

1.3 Сервер Exchange Server — электрондық поштаны, сабақ кестесін құруды, пайдаланушының біріккен жұмысының қосымшасы құру құралдары мен интерактивті формалар және ақпарат алмасуды байланыстыратын платформа.

1.4 Commerce Server Сервері электрондық коммерцияның арнаулы аса тиімді қосымшаларды әзірлеудің еңбекті көп қажетсінейтін және жеңілдетілген әдістерін тұтынушыларға ұсынады. Commerce Server қосымшаларды әзірлеудің құрылымдық негізін, сондай-ақ тапсырушыларға веб-тораптарын тез арада құруға мүмкіндік беретін таңдамалы мүмкіндіктер мен кері байланыстың дамыған механизмдерін қамтиды, соған байланысты келешекте тапсырыс берушілермен қатынас дамып және партнерлар арасында байланыстар бекітіледі.

1.5 BizTalk Server Сервері ұйымның ішінде және солардың арасында болатын бизнес-процестерді өңдеуді және басқаруды қамтамасыз етеді. Компаниялардың үлестірілген бизнес-процестерді құруға, соның ішінде қосымшалар мен партнерлар біріктіріледі, сондай-ақ ғаламтор арқылы серіктестер мен тапсырыскерлердің сенімді коммерциялық қауіпсіз байланысын орнатуға мүмкіндіктері болады. Серверге кіретін XML және SOAP сияқты негізгі веб-технологиялар программалаудың үлгілері мен программалау тілдерін қолданатын операциялық жүйелерге тәуелсіз әртүрлі типті қосымшаларды біріктіру мақсатында ашық стандарттар мен ерекшеліктерді пайдалануға мүмкіндік береді.

1.6 Host Integration Server Сервері компанияларға қолданыстағы хост-технологияларда жасалған инвестицияларды сақтай отырып, бизнес пен технологиялар саласында пайда болған жаңа қажеттіліктерге жедел жауап беруге мүмкіндік береді. Host Integration Server серверінің құрамына хост-жүйелердің деректері мен транзакцияларын (мәмілелерін) жана қосымшалармен байланыстыратын компоненттердің толық комплектісі (кешені) кіреді, осыған байланысты компания жұмысын күшейтетін мұқтаждықтарға жауап беретін және біріктіруді келешекте дамытатын икемді шешімдер жасау үшін мүмкіндіктер жасалады.

1.7 Application Center — операциялық Microsoft Windows жүйесінің негізінде құрылған веб-қосымшаларға жоғары деңгейде қатынаууды қамтамасыз етеді. Осы құрал қалай бір компьютермен, солай бірнеше топ серверлерді жеңіл басқаруға мүмкіндік береді.

1.8 Сервер Systems Management Server — жабдықтардың нақты тізімдемесін енгізуге, программалық өнімдердің тізімдемесін және солардың сипаттарының шамасын құрастыратын, сондай-ақ программалық жасақтаманы орнатып және тарататын, әрі қашықтағы режимде ақауларды жоятын құрал кіретін жүйелік басқаратын сервер болып табылады. Осы біріктірілген функцияларға байланысты Systems Management Server сервері үстелдегі және серверлік Windows-жүйелер үшін өзгертулер мен конфигурацияларды басқаруға кететін шығындарды кең көлемде қысқартатын ең тиімді құрал болып есептеледі. Systems Management Server басқарудың стандарттық хаттамасы

негізінде құрылады, ол басқарудың қосымша аспаптарымен байланыстыруға кепілдік береді. Systems Management Server сервері Microsoft SQL Server және Microsoft Windows Server жүйелерімен тығыз байланысты; бұл кез-келген мөлшердегі желіде Systems Management Server орнатуға, баптауға және пайдалануға мүмкіндік береді.

1.9 Mobile Information Server сервері — қосымшалар сервері, Microsoft .NET Enterprise қосымшалары, интражелідегі корпоративтік берілгендер және ақпараттық материалдар ұтқыр пайдаланушыға қол жетімді болады. Өзінің орналасқан орнына қарамастан пайдаланушылардың әрдайым электрондық поштаға, контактілерге, күнтізбеге, интражелінің кез-келген бизнес-қосымшаларына нақты уақыттағы режимде қатынай алады.

Өнімдер жөнінде қосымша ақпаратты келесі адрес бойынша Сіз таныса аласыз: [www.microsoft.com/rus/windowsserversystem](http://www.microsoft.com/rus/windowsserversystem).

## 2. Microsoft Office System өнімдері:

2.1 Microsoft Office Access — деректер базасын басқару үшін Microsoft Office System жүйесіне кіретін осы қосымшада XML форматында деректер файлдарының импорт және экспорт мүмкіндігінен кеңейтіп және пайдалануды жеңілдететін және сонымен жұмыс істеу құралдары ұсынылады. Access жұмыс жасаған кезде жиі кездесетін қателерді (белгілі түрде таңбаланған) көрсету және оларды түзетудің нұсқаларын ұсыну жеңіл болады. Осы жаңа функция әзірлеушілерге объектілердің тәуелділіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

2.2 Microsoft Visio Professional — бизнес-диаграммалармен және техникалық диаграммалармен жұмыс жасау үшін Microsoft Office System жүйесіне кіретін қосымша болып табылады, ол тұжырымдамалар мен қарапайым деректерді диаграммаға түрлендіруге мүмкіндік береді. Visio 2003 шешімдерді қабылдау барысын жетілдіру үшін маңызды деректерді түсінуге және байланыстыруға көмектеседі, ұйымның түрлі құрылымдық бөлімшелер жұмысының бірлігін қамтамасыз етеді, байланыс мүмкіндіктерін кеңейтеді, кәсібилігін көрсетеді және аудиторияға жақсы әсер етеді.

2.3 Microsoft Project Professional — бұл жаңа программа, Microsoft Office дестесіне кіреді, кәсіпорын ауқымында жобаларды пайдалану мәселелерін шешу мақсатында Microsoft Project Server серверімен бірігіп жұмыс жасауға арналған. Соның ішінде Microsoft Project Standard нұсқасының құрамына кіретін барлық негізгі компоненттері бар, және демек, жобалар жоспарын басқару мүмкіндігін, жобалар жағдайы туралы мәліметтермен алмасуды, сондай-ақ жоба бойынша ақпаратты тез және тиімді ұсынуды қамтамасыз етеді. Microsoft Project Server серверімен бірге қолданған кезде программада корпоративтік ресурстар мен қоржынды басқаратын құралы, мысалы, нақты уақыттағы режимде есептемелерді құру және сценарийларды талдау құралы ретінде болады. Бұл құралдар бизнес-шешімдерді қабылдауға жауапты тұлғаларға және жобалардың жетекшілеріне бөлімше немесе толық ұйымның ауқымында жоба бойынша ақпаратты бақылап тұруға мүмкіндік береді.

2.4 Microsoft Office OneNote қосымша болып табылады, ол Microsoft Office System жүйесіне кіретін белгілерді жазуға және оларды қадағалап тұрады. Осы жаңа

программаның пайдаланып тасымалды, үстел үстіндегі немесе планшеттік компьютерде белгілерді жазуға, реттеуге және қайталап қолдануға болады. OneNote қосымшасында әртүрлі деректерді, соның ішінде пернетақта арқылы енгізілген мәліметтер мен қолжазбалар, қолмен салған сұлбалар, дыбысты жазбалар, фотосуреттер мен галамтордағы суреттер, сондай-ақ басқа қосымшалардан алынған деректерді жазуды қамтамасыз етіледі. Содан кейін OneNote арқылы осы алынған деректерді ыңғайлы түрде ұйымдастыруға және бірнеше рет пайдалануға болады, ол көптеген деректерді күнделікті жұмыс уақытында қолайлы пайдалануға мүмкіндік береді.

2.5 Microsoft Office InfoPath — деректерді жинайтын және оларды басқаратын, Microsoft Office System жүйесіндегі қосымша — мәліметтерді жинау процесін жеңілдетеді. Осы қосымша арқылы үш негізгі жұмысты орындауға: динамикалық форманы құруға, формаларды толтыруға және сол формаларды бизнес-процестер мен XML жүйесіне жіберуге болады. InfoPath қосымшасында ұйымның барлық қызметкерлері деректерді жоғары тиімді, икемді жинаудың тәсілін қолданады. Осы InfoPath байланысты деректермен жұмыс жасайтын қызметкерлерге маңызды шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтерді уақытымен алуға және таратуға жеңіл болады.


2.6 Microsoft Office SharePoint Portal Server — Программалық жасақтама SharePoint Portal Server барлық негізгі іскерлі ақпараттар мен қосымшаларға орталықтан қатынауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ SharePoint Services базасында веб-сайттарды, жалпыға жеткілікті директорийларды, деректер базасын, файлдық серверлердің ақпараттарын үйлестіріп пайдалануды қамтамасыз етеді.

Microsoft Office System өнімі туралы қосымша ақпаратты: [www.microsoft.com/rus/office](http://www.microsoft.com/rus/office) көруге болады.

DreamSpark Premium оқу-әдістемелік материалдар кітапханасы.

Microsoft технологиясын оқыту мақсатында Microsoft IT Academy Curriculum білім беру порталы ұйымдастырылған. Ол замануи ақпараттық технологияны оқытатын және білгісі келетін оқытушыларға, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге және ынтагерлерге арналған. Мұнда Microsoft технологиясын өздерінің оқу барысында пайдаланатын университеттерде және оқу орталықтарында әзірленген оқу курстары мен әдістемелік материалдар енгізілген.

АТҚО бастығы



К.Т. Назиров

«Келісілді»  
ОӘЖ проректоры



С.В. Коншин